

Қаланың тұрғын үй құрылысы

1962 жылы бұқаралық ақпарат құралдары «Қазақстан Магнитка-сының құрылыс жұмысы жылдан-жылға қыза түсті» деп жазады. Шын мәнісінде солай болатын. Тек 1960 жылдың өзінде Теміртауда жұмыс істеп келген жалғыз «Казметаллургстрой» тресінің өзі ғана болатшылар қаласында сегіз бала бақшасын, 12 дүкен мен үш мектепті, кең экранды кинотеатрды, бірнеше ёмдеу орындарын салып, пайдалануға берген. Осы трест 1961 жылы 72211 шаршы метр тұрғын үйді қатарға қосты.

Солай десек те жоғары сұраным мен талапты негізгі өндіріс объектілерін салумен шұғылданып тұрған құрылыс тресі өтей алмай жатты. Ол туралы 1962 жылғы наурыз айындағы санында облыстық «Советтік Қарағанды» газеті «Тұрғын үйлер мен мәдени ағарту орындарын салу әлі өз дәрежесінде жүргізілмей келе жатыр. Өткен жылы тұрғын үйлер салудың жоспары 84% ғана орындалды. Монша, кір жуатын орын, ас фабрикасының, кітап дүкенінің, тұрмыстық комбинаттың құрылысы бітпей қалды» деп жазады.

даныла бастады. Бұл жөнінде «Казметаллургстрой» тресіндегі озат бригаданың жетекшісі, бригадир Заверуха сол кездің өзінде қордаланған мынадай келелі мәселелерді ортаға салған екен:

-Ірі ианельді үйлерді салушылар жұмыс уақытын әлі де толық пайдалана алмай келеді. Соңғы кезде панель арасына салатын түрлі монтаждық жабдықтар тапшы. Бұл құрылысшылардың кейде бос тұрып қалуына, құрылыс графигінің өрескел бұзылуына әкеліп соғуда, - дейді.

Оның сөзін монтажшылар бригадасының бригадирі Тимофеев қолдай келе:

- Ірі панельді үй салу құрылыс жұмыстарын шапшаңдата түсуге мүмкіндік беретін прогрессивтік әдіс. Егер бізге қажетті жабдықтар жеткілікті беріліп тұрса, 60 пәтерлі үйді бір айда монтаждап үлгерер едік,- дегенді айтады.

Расында да сол жылдары Совет елінің Солтүстік, Шығыс аумақтарында бой көтерген аса ірі өндіріс ошақтарында нанельді үйлерді салу кең қарқын алған. Бүгінгінің көзімен қарасақ, өңкей біртектес сұрқай

біріктіріп, істі үйлестіре жүзеге асыруға мол ықпалын тигізген. Трестің басты міндеті тұрғын үй салу болғанымен ол Қарағанды мен Теміртаудың басқа да маңызды құрылыстарына қатысын, өзіндік қолтаңбаларын қалдырды.

Қолдағы бар деректер «Металлургжилстрой» тресінің ұжымы өзі жұмыс істеген мерзім ішінде Қарағанды және Теміртау қалаларында барлығы 2 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй, 16,1 мың оқушыға арналған жалпы білім беретін 13 мектеп, 9530 орынды мектепке дейінгі балалардың 42 мекемесін, 1200 орындық Металлургтердің мәдениет және техника сарайын, 3 емхана, басқа да әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы көптеген объектілерді тұрғызып, ийдалануға бергенін мәлімдейді. Бұған қоса осы құрылыс тресінің күшімен іргелі өнеркәсіп кәсіпорындары да тұрғызылған. Солардың қатарында жаңа Қарағанды металлургия зауытын, Қарағанды металлургия комбинатының ақ қаңылтыр цехының әкімшілік-тұрмыстық корпусын атауға болады. Жалпы осы ұжымда құрылыс саласындағы ерен еңбектері үшін 82 адам орден мен медальдерге ие болыпты. Солардың ішінде З.А. лексеева ең жоғары награда Ленин орденімен марапатталған.

Негізі Теміртаудың тұрғын үйін салуға тек «Металлургжилстрой» және «Казметаллургстрой» трестері ғана қатысып қойған жоқ. Металлургтер қаласындағы бүгінгі әсем ғимараттарды, тұрғын үйлерді, ірі өндіріс ошағын қатарға қосуға бұлардан бөлек Қарағандының өзге де құрылыс трестері, сәулетшілері атсалысты.

2001 жылға дейінгі мәліметтер бойынша Теміртау қаласында 6 мың тұрғын үй болған. Бұл дегеніміз 61,2 мың пәтер екен.




Теміртау қаласы тұрғындарының саны шапшаң өсті. Әрине әр ай сайын жаңа өндіріс ошағы салынып, пайдалануға беріліп жатса, әрі бос жұмыс орындарына еңбек етуге шақырып жатса, қала халқының еселей өсері анық. Қала тұрғындарының өсуі негізінен сырттан келушілердің есебінен болды. Елді мекен тек 1945 жылдың күзінде қала мәртебесін алған болса, араға 15 жылға тарта уақыт салып, Теміртау тұрғындарының саны 1959 жылы 77 мыңға жеткен. 1970 жылы 166 мыңға шықса, 1976 жылы Теміртауда 199,9 мың адам тұрды. Қала халқының ең жоғарылаған шегі 80-жылдардың ортасы болатын. Атап айтсақ 1986 жылы Теміртауды 226,4 мың адам мекендеді. Сол кезде Теміртау халқы республикамыздағы көптеген облыс орталықтары тұрғындарының санынан көп болатын. Осы жылдары Қарағанды халқының саны 600 мыңның үстіне шықса, Теміртау облысы бойынша тұрғын саны жағынан екінші орынды иеленді. Іргелес қоныстанған екі индустриялы қаланың тұрғындар саны тоқта-



усыз еселеп өсу үстінде болды. Соған орай Қарағанды тәрізді металлургтер қаласы Теміртаудың да тұрғын үй құрылысын қарқынды жүргізу мәселесі сол 60-70 жылдарда-ақ басты міндет ретінде күн тәртібіне қойылған.

Домна пеші, мартен пештері, аглофабрикалар, химия өндірісі саласының көптеген буындары іске қосылғаны соншалықты қуаныш, әрі үлкен табыс болып есептелгенімен, сол алыптар қатарына тұрғын үй құрылысын үзенгілес дамытпаса, халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайына уақытылы көңіл бөлінбесе небір істің болсын ілгері баспай, табандап қалары анық еді. Сондықтан да Теміртаудағы тұрғын үй құрылысымен іргелі құрылыс ұйымдары айналысып, олар сол кездің өскелең талаптарына лайық іс атқара білді.

Теміртаудағы тұрғын үй құрылысымен негізінен «Металлургжилстрой» тресі айналысты. Ол 1944 жылы Қарағанды МАЭС-нің құрылыс басқармасы болып құрылған болатын. Осы атаумен ол 1960 жылға дейін жұмыс істеген. Ал 1960-62 жылдары «Қарағанды химия өнеркәсіп құрылысы» тресі аталып, тек 1962 жылдан кейін ғана Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитетінің «Металлургжилстрой» тресі атауына ие болып, тікелей Теміртау қаласындағы коммуналдық тұрғын үй және мәдени тұрмыстық объектілер құрылысымен шұғылданды. Ол әрі үлкен қаланың құрылысын бір орталыққа бағындыру, әрі бар істі үйлестіре жүргізу мен белгілі бір бағытта дамыту мақсатында құрылған болатын.



«Казметаллургстрой» тресінің басты міндеті өндірістік объектілерді іске қосу болғанын айттық, алайда, Теміртаудың өсуі, ондағы халық санының шапшаң артуы осы тресті де ендігі кезекте өндіріс ошақтарымен қоса әлеуметтік-мәдени объектілерді, тұрғын үйлерді салуға мәжбүр еткен. Алайда тұрғын үйлер мен әлеуметтік объектілерге қарағанда трест басшылығы үшін ірі өндіріс объектілерін тұрғызу көп жеңіл, әрі тиімді болатын. Сондықтан да трест басшылығы бұл мәселеге екінші қатардағы іс ретінде қарап, көбіне назардан тыс қалдырған.

Алайда осы жайлар жергілікті басқару органдарының басты назарында болғандықтан әр деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдары Теміртаудағы тұрғын үй құрылысы мен әлеуметтік-мәдени тұрмыстық объектілердің салыну мәселесі туралы үнемі келелі проблемалар көтеріп тұрды. Бұл кезеңде қала болашағы, оған тұрғындарды орнықтыру үшін осы заманғы, қолайлы тұрғын үйлерді молайту мәселесі күн тәртібіне шыққан болатын.

Осы жылдары Қарағанды тәрізді Теміртауда да ірі панельді тұрғын үй салу әдісі игеріліп, ол кенінен қол-

қорап үйлердің көңілді сәл құлазытары анық. Әрі кесіп-пішілген, құрастырмалы бір тектес панель болғандықтан ол үйлер бір-бірінен еш айырғысыз ұқсас болып келетін. Сондықтан ешқандай архитектуралық сәулет талаптарына да жауап бермеді. Солай десек те тұрғын үйге деген сұраным өте жоғары деңгейде болған кезде бұл тығырықтан шығудың ең бір оңтайлы жолы болды. Бір монтажшылар бригадасы көп пәтерлі бес қабатты үйді бір айдың шамасында монтаждап, келесісін құрастыруға кірісіп кететін. Бір сөзбен айтқанда, тұрғын үйлер конвейерлік тәсілмен пайдалануға беріліп жатты. Соған қарамастан Қарағанды тәрізді Теміртауда да тұрғын үйге деген сұраныс бір төмендеген емес.

Ендігі жерде Теміртауда «Металлургжилстрой» тресі іске кірісіп, ол 1962 жылдан «Химстрой», «Культбытстрой», «Отделстрой», «Земдорстрой», құрылыс-монтаж тәрізді басқармалардың, жұмысты механикаландыру басқармасының, үй құрылысы комбинатының, өндірістік-техникалық жинақтау басқармасы сияқты бұрындары өз әрқайсысы жеке-жеке, дербес болып келген құрылыс ұйымдарының басын

Олардың басым бөлігі, яғни 76%-ы екі және үш бөлмелі пәтерлер Теміртаудағы тұрғын үйдің жалпы көлемі 3214,6 мың шаршы метр. Осы тұрғын үйлердің 90,8%-на су құбыры тартылған, 86,6%-ы канализацияға қосылыпты, 95,9%-ы орталық жылу жүйесіне қосылған. Жаңа ғасырдың басында Теміртаудың әр тұрғынына орта есеппен көлемі 18,0 шаршы метр тұрақжай келген.

Қоғамдағы өзгерістер қаланың тұрғын үй құрылысына да ықпалын тигізді. Тоқырау кезеңінде істен шығып, пайдалануға жарамай қалған тұрғын үйлер болды. Алайда құрылысы басталып, одан соң экономикалық тоқыраушылыққа байланысты жұмысы тоқтап қалған, салынын бітпеген құрылыстар уақыт өте келе қайтадан қолға алынып, пайдалануға беріле бастады. Тек 1999-2001 жылдар ішінде қалада жалпы көлемі 4,1 мың шаршы метр тұрғын үй иайдалануға берілді. Қазір Теміртау қаласында да ғылым мен техниканың кейінгі жаңалықтары, жетістіктері кеңінен пайдаланыла отырып, жаңа үлгідегі тұрғын үйлер көптеп салынуда. Мұның өзі кейінгі кезде қала сәулетіне әсем көрініс беріп, оның архитектуралық бейнесін жақсартып түсті. Солай десек те, бүгінгі металлургтер қаласының негізі сол 60-70 жылдарда, одан бертінірек 80 жылдардың ортасына дейін салынған тұрғын үйлерден тұрады. Ал осы мекен-жайларды қатарға қосқан «Металлургжилстрой» тресі тәрізді іргелі құрылыс ұйымының қаланы тұрғызуға қосқан үлесі өте ұмытылмақшы емес.

Аманжол АҚЫН
Ермағамбет ЛУҚПАН
Сурет қамалық тарихи-өлкетану мұражайынан алынды